



plans.label.author: Серікова Ардақ Серікқызы

plans.label.category: Қазақстан тарихы

plans.label.class: 5-сынып

plans.label.section: Сақтар

plans.label.theme: Шырақтың ерлігі. Зерттеу сұрағы: сақтар тәуелсіздік үшін қалай күресті?

Шырақтың ерлігі. Зерттеу сұрағы: сақтар тәуелсіздік үшін қалай күресті?	5.3.2.1. Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау
--	---

plans.stages

plans.schedule.stages	plans.schedule.activity	plans.schedule.resources
Сабақтың басы (7 минут.)	Жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру. Оқушылармен амандасып, түгендеп, бүгінгі сабақта көңіл-күйлерін білу арқылы бастау. Санау арқылы 4 топқа бөлу: 1- "Шырақ", 2- "І Дарий", 3- "Полиэн", 4- "Скунха". Топ міндеттерін хабарлау. 1 тапсырма "Сәйкестендіру". Бұл тапсырмада оқушыларды жұпқа біріктіріп, әр жұпқа парақшаға шығарылған тапсырманы 2 минут ішінде орындау қажет. Орындалған тапсырманы 2 минут ішінде жұптар бірін-бірі тексеріп, бағалап шығады. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстыру.	Слайд, оқулық.

plans.schedule.s tages	plans.schedule.activity	plans.schedule.resources
<p>Сабақтың ортасы (27 минут.)</p>	<p>2 тапсырма "Ойлан, жұптас, бөліс" әдісі арқылы мәтінмен жұмыс жасау. Бұл тапсырмада әр топқа мәтін беріледі. Сол мәтінмен әр топ мүшелері 3 минут ішінде оқып, танысу қажет.</p> <p>3 тапсырма "6 неліктен" әдісі арқылы 7 минут ішінде барлық оқушылар қаншалықты мәтінді меңгергенін 6 сұрақ қою арқылы тексеру. 1. Неліктен І Дарий сақ жеріне шапқыншылық жасады? 2. Неліктен І Дарий Бехистун жазбасына «Мен әскерімен сақ жеріне жорыққа шықтым» деп жазды? 3. Неліктен Шырақ сақ патшасының сарайына барды? 4. Неліктен Шырақ өзін-өзі жаралап, парсы әскеріне барды? 5. Неліктен І Дарий Шырақты өлтірді? 6. Неліктен грек тарихшысы Полиэн «Шырақтың ерлігі» туралы жазды?</p> <p>4 тапсырма қалыптасушы бағалау тапсырмасы. Тақырыбы: "Шырақтың ерлігі". Оқу мақсаты: 5.3.2.1. Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау. Бағалау критерий: Сақтардың тәуелсіздік үшін күресінде батырларының ерлігін сипаттайды. Ойлау дағдыларының деңгейі: қолдану. Тапсырма. Суретті қолданып, «Шырақтың ерлігі» тақырыбында 5 сөйлемнен тұратын әңгіме құрастырыңыз. Шырақтың мақсатын анықтаңыз. 5e175f8d8d833.png</p> <p>Image not found or type unknown Дескриптор: <input type="checkbox"/> Шырақтың туған жері үшін жасаған ерлігін жазады-1 балл <input type="checkbox"/> Сақ тайпаларының тәуелсіздік үшін күрестегі мақсаттарын анықтайды-1 балл; <input type="checkbox"/> Сақтардың парсы патшалығымен соғысқанын атайды - 1балл; <input type="checkbox"/> Шырақ батырдың парсы патшасы Дарийдің әскерін қырғынға ұшыратқанын атайды - 1 балл. Тексеру. Бірін-бірі бағалау. Уақыты: 3 минут. 1-2 дұрыс болса «Қанағаттанарлық»; 3 дұрыс болса «Жақсы»; 4 дұрыс болса «Керемет»;</p> <p>5 тапсырма "Блум токсномиясы бойынша саралау". Шарты: <input type="checkbox"/> Мұғалім тапсырманы берместен бұрын, дауыстап әр деңгейдегі тапсырмаларды оқып, таныстырады; <input type="checkbox"/> Барлық деңгейдегі тапсырмалар ауызша орындалатыны туралы ескертеді; <input type="checkbox"/> Оқушы 3 минут ішінде орындай алатын деңгейлердегі тапсырмаларды таңдап, дайындалады; <input type="checkbox"/> Дайындалу уақыты аяқталған соң, мәселен, мұғалім білу деңгейін қанша оқушы таңдап орындағанын оқушылардың қолдарын көтергеннен-ақ біліп, бір-екеуінен сұрап, егерде жауаптары толық болмаса толықтырғанша сұрап біледі с.с.</p> <p>Білу Түсіну Қолдану! Дарий патша деген кім? Ежелгі грек тарихшысы Полиэн Шырақты қалай сипаттайды? Картадан парсы әскері өткен Сырдария өзенін көрсет? Талдау Жинақтау Бағамдау Томирис патшайым мен Шырақ батырдың ерлік қасиеттерін салыстырып, ерекшелігі мен ұқсастығын айт. І Дарий Бехистун жазбаларын не үшін жаздырған деп ойлайсың? «Бұл аңыз емес, тарихи шындық», - деп жазған грек тарихшысы Полиэннің айтқан пікірге өз көзқарасыңды айт.</p>	<p>Слайд, карта</p>

plans.schedule.s tages	plans.schedule.activity	plans.schedule.resources
Сабақтың аяғы (6 минут.)	Қорытындылау. Үй тапсырмасы: §31 оқу. Рефлексия.«ҚҚҚ әдіс» Қызық болған 3 нәрсе. Қиын болған 3 нәрсе. Қажет болған 3 нәрсе.	Слайд